

FTAMP/SRSTI/ГРНТИ 21.15.47

<https://orcid.org/0000-0001-6349-4157>

e-mail: kenshe76@mail.ru

<https://orcid.org/0009-0003-9765-7278>

e-mail: orunbasarenlik@gmail.com

ӘЙЕЛДІҢ ДІНИ СЕҢІМ БОСТАНДЫҒЫ

Кеңшілік Тышхан

Философия ғылымдарының
кандидаты, доцент,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан

Орынбасарова Еңлік Қанатқызы

Магистр,
Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті,
Астана қ., Қазақстан

حرية الاعتقاد الديني للمرأة

أورينباساروفا إنلیک قاناتقىزي

طالب ماجستير
الجامعة الوطنية الأوراسية باسم ل. ن. غوميليوف
أستانا، كازاخستان

كينشيليك تيشخان

مرشح العلوم الفلسفية، أستاذ مشارك
الجامعة الوطنية الأوراسية باسم ل. ن. غوميليوف
أستانا، كازاخستان

FREEDOM OF RELIGION FOR WOMEN

Kenshilik Tyshkhan

Candidate of Philosophical Sciences,
Associate Professor,
L.N. Gumilyov Eurasian National
University
Astana, Kazakhstan

Orynbasarova Enlik Kanatkyzy

Master's Degree,
L.N. Gumilyov Eurasian National
University,
Astana, Kazakhstan

СВОБОДА ВЕРОИСПОВЕДАНИЯ ЖЕНЩИН

Кеншилик Тышхан

Кандидат философских наук, доцент,
Евразийский национальный
университет им. Л.Н. Гумилёва
г. Астана, Казахстан

Орынбасарова Еңлік Қанатқызы

Магистр,
Евразийский национальный
университет им. Л.Н. Гумилёва
г. Астана, Казахстан

Аңдатпа. Бұл мақалада әйелдердің діни сенім бостандығының маңызы, оның құқықтық, әлеуметтік және мәдени аспектілері қарастырылады. Діни сенім бостандығы – әрбір адамның негізгі құқықтарының бірі болғанымен, кейбір қоғамда әйелдер бұл құқықты толық пайдалана алмайды. Мақалада әлемдік діндердегі әйелдердің діни құқықтарының көрінісі, тарихи дамуы мен қазіргі үрдістері, патриархалды көзқарастар мен мәдени дәстүрлердің ықпалы қарастырылады. Қазақстандағы әйелдердің діни сенім бостандығы мәселесіне талдау жасалады. Әйелдердің діни сенім бостандығын еркін жүзеге асыруы олардың тұлғалық дамуына, білім алуына және қоғамдық өмірге белсенді араласуына ықпал етеді. Сонымен қатар діни сенім бостандығының сақталуы – гендерлік теңдікті қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі.

Түйін сөздер: діни сенім бостандығы, әйел құқығы, гендерлік теңдік, діни толеранттылық, құқықтық реттеу.

المخلص: تتناول هذه المقالة أهمية حرية الاعتقاد الديني للمرأة، مع تحليل أبعادها القانونية والاجتماعية والثقافية. على الرغم من أن حرية الاعتقاد الديني تُعد أحد الحقوق الأساسية لكل فرد، إلا أن بعض المجتمعات لا تتيح للنساء الاستفادة الكاملة من هذا الحق. تناقش المقالة انعكاس الحقوق الدينية للمرأة في الأديان العالمية، تطورها التاريخي، الاتجاهات المعاصرة، وتأثير النظرة الذكورية والتقاليد الثقافية عليها. كما يتم تحليل قضية حرية الاعتقاد الديني للمرأة في كازاخستان. إن ممارسة المرأة لعقيدتها الدينية بحرية تساهم في تنميتها الشخصية، وتعزيز فرصها في التعليم، وانخراطها الفاعل في الحياة الاجتماعية. بالإضافة إلى ذلك، فإن ضمان حرية الاعتقاد الديني يُعد أحد الشروط الأساسية لتحقيق المساواة بين الجنسين. الكلمات المفتاحية: حرية الاعتقاد الديني، حقوق المرأة، المساواة بين الجنسين، التسامح الديني، التنظيم القانوني.

Abstract. This article examines the significance of women's freedom of religious belief, addressing its legal, social, and cultural aspects. While freedom of religion is a fundamental human right, in some societies, women are restricted in their full exercise of this right. The article analyzes the manifestations of women's religious rights in world religions, their historical development, current trends, and the influence of patriarchal views and cultural traditions. A specific focus is given to analyzing the situation of women's religious freedom in Kazakhstan. It is emphasized that the free practice of their faith by women contributes to their personal growth, education, and active participation in public life. It is also noted that the observance of religious freedom is one of the key conditions for achieving gender equality.

Keywords: freedom of religion, women's rights, gender equality, religious tolerance.

Аннотация. В данной статье рассматривается значение свободы вероисповедания для женщин, а также её правовые, социальные и культурные аспекты. Хотя свобода вероисповедания является одним из основных прав каждого человека, в некоторых обществах женщины не могут в полной мере пользоваться этим правом. В статье анализируются отражение религиозных прав женщин в мировых религиях, их историческое развитие и современные тенденции, а также влияние патриархальных взглядов и культурных традиций. Проводится анализ вопроса свободы вероисповедания для женщин в Казахстане. Показано, что свободное осуществление женщинами своей религиозной веры способствует их личностному развитию, получению образования и активному

участию в общественной жизни. Кроме того, соблюдение свободы вероисповедания является одним из важных условий обеспечения гендерного равенства.

Ключевые слова: свобода вероисповедания, права женщин, гендерное равенство, религиозная толерантность.

КІРІСПЕ

Әйелдердің діни сенім бостандығын қамтамасыз етудің маңыздылығы

Қазіргі заманда әйелдердің діни сенім бостандығының маңызы зор, өйткені ол гендерлік теңсіздік, интерсекциялық кемсіту және жеке құқықтарды қорғау мәселелерімен тікелей байланысты. Патриархалдық діни көзқарастар әйелдердің құқықтарын шектеуге және кемсітуге негіз болып отыр, оларға стереотиптік рөлді тану, денесіне қол сұқпау құқығын шектеу әрі қадір-қасиетін төмендететін иерархиялық құрылымдарды құру арқылы көрініс табады. Діни азшылыққа жататын әйелдер бірнеше деңгейде кемсітуге ұшырайды, олар діни наным-сенімдері, гендерлік ерекшеліктері және әлеуметтік стереотиптер салдарынан әділетсіздікке тап болады. Діни сенім бостандығы әрбір әйелдің өз дінін таңдау, өзгерту, ешқандай дінді ұстанбау немесе өз сенімін еркін ұстану құқығын білдіреді, бұл олардың дербестігін және таңдау еркіндігін қамтамасыз етеді. Қазіргі заманғы адам құқықтарын түсіну әрбір адамның дініне, жынысына, ұлтына қарамастан тең құрмет пен қорғауға лайық екендігін талап етеді, сондықтан әйелдердің діни сенім бостандығын қамтамасыз ету кемсітуге қарсы күрес (1).

Тақырыпты таңдауды дәйектеу: Бұл тақырып қоғамдағы әйелдердің діни сенім бостандығына байла-

нысты өзекті мәселелерді талдауға негізделген. Қазіргі жаһандану дәуірінде діни сенімнің еркіндігі мен әйелдердің құқығы жиі талқыланатын тақырыптардың бірі болып отыр. Өртүрлі мәдени және әлеуметтік контекстегі көзқарастар бұл мәселені жан-жақты қарастыруды талап етеді. Сондықтан осы мақалада әйелдердің діни сенім бостандығын зерттеу арқылы осы құбылыстың құқықтық, әлеуметтік және мәдени аспектілерін қарастыру өзекті.

Мақсаты мен міндеттері. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – әйелдердің діни сенім бостандығының маңыздылығын талдап, оның қазіргі қоғамдағы рөлін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады:

- Діни сенім бостандығының құқықтық негіздерін қарастыру;
- Әйелдердің діни сеніміне байланысты туындайтын негізгі мәселелерді анықтау;
- Өртүрлі елдердегі және мәдениеттердегі тәжірибелерді салыстыру;
- Әйелдердің діни еркіндігіне қатысты қоғамдағы пікірлер мен ықпал етуші факторларды талдау.

Зерттеу әдіснамасы: Бұл мақалада әйелдердің діни сенім бостандығын зерттеу үшін құқықтық және әлеуметтік талдау әдістері қолданылды. Құжаттарды сараптау арқылы халықаралық және ұлттық заңнамалар қарастырылып, салыстырмалы талдау

жүргізілді. Сонымен қатар қоғамдағы әйелдердің діни сенім бостандығына қатысты тәжірибесін бағалау үшін әлеуметтанулық әдістер пайдаланылды. Бұл тәсілдер мәселені жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Діни сенім бостандығы – адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы 1948 жылы 10 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған діни сенім мен сенім бостандығын былайша анықтайды. Әркімнің ой, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар; бұл құқыққа өз дінін немесе сенімін өзгерту бостандығы, сондай-ақ өз дінін немесе ілімге, тәжірибеге, ғибадат етуге және сақтауға деген сенімін көрсету үшін жалғыз немесе басқалармен және қоғамдық немесе жеке адамдармен қарым-қатынас еркіндігі кіреді. Сонымен қатар діни сенім бостандық жеке тұлға үшін де, жалпы қоғам үшін де пайдалы. Бұл қоғамдағы бірлікті, толеранттылықты және әртүрлілікті құрметтеуге ықпал етеді. Адамдарға өз дінін еркін ұстануға мүмкіндік беру қауымдастықтардың құрылымын нығайта отырып, тиесілілік пен сәйкестік сезімін дамытуға ықпал етеді (18-бап) (2, 12 б.).

Әйелдердің діни құқықтарына діни-мәдени дәстүрлердің әсері.

Әйел құқықтарына діни дәстүрлер бірқатар маңызды механизмдер арқылы әсер етеді. Біріншіден, кейбір діни ережелер патриархалдық билік құрылымын қолдайды. Бұл дәстүрлер ерлердің үстемдігін белгілеп, әйелдердің рөлін үй шаруасымен

және бағынумен шектейді. Екіншіден, діни дәстүрлер әйелдердің эмоцияға бейім, пассивті және тәуелді екендігіне баса назар аудара отырып, әйелдің қоғамдағы орны туралы таптаурын түсініктің қалыптасуына ықпал етеді. Үшіншіден, діндер әйелдердің бостандығын, қоғамдық өмірге қатысуын және ресурстарға қол жетімділігін айтарлықтай шектейтін тыйымдар мен шектеулер жасай алады. Бұл шектеулер киімге, білімге, кәсіби қызметке және тіпті қозғалысқа қатысты болуы мүмкін.

Әйелдердің діни сенім құқығының әлемдік діндердегі көрінісі.

Буддизм: Буддизм сенімінде әйелдердің діни құқықтары туралы мәселе күрделі, себебі ол діннің ішіндегі идеялар мен мәдениеттің әсерінен туындайтын жағдайлар арасындағы тартысты көрсетеді. Будда барлық тіршілік иесіне, соның ішінде әйелдерге де рухани дамуға тең құқық берді. Бірақ өмірде бұл теңдік толық сақталмады. Мәселен, монахинялардың қауымын (бхикшунни) алайық. Будда әйелдерге де монахиня болуға рұқсат берді. Бірақ оларға монахтарға қарағанда қосымша ережелерді сақтау міндеттелді. Бұл діннің өзі теңдікті жақтағанымен, мәдениеттің әсерінен шектеулер қойылатынын көрсетеді (3, 143 б.).

Ислам: Ислам діні келгенге дейінгі араб қоғамында әйелдердің құқықтық және әлеуметтік мәртебесі өте төмен болды. Олар ер адамдардың толық билігіне тәуелді болып, өз бетінше шешім қабылдай алмады. Әйелдерге мұрагерлік құқығы берілмеді, некеге келісімсіз мәжбүрлеп беру кең таралған құбылыс болды, ал кейбір жағ-

дайларда жаңа туған қыз балаларды тірідей көму дәстүрі орын алды. Бұл қатыгездік әйелдердің қоғамдағы орнын әлсіз әрі елеусіз етіп көрсететін теріс көзқарастан туындады. Олардың пікірі ескерілмей, құқықтық және әлеуметтік мәселелерде ерлердің билігі үстемдік етті (4, 5 б.).

Ислам алғаш тарай бастағанда, оны қабылдаған әйелдер қысым мен қудалауға ұшырады. Олар өз сенімін сақтап қалу үшін мұндай қысымға төтеп беруге мәжбүр болды. Солардың бірі – Сүмәйя бинт Хуббат (р.а.), ол мүшріктердің азабынан қаза тапты. Мұсылман әйелдерге жасалған қысым әртүрлі сипатта болды: оларды қоғамдық өмірден шеттетуге тырысты, сенімдерінен бас тартуға мәжбүрледі, кейбірі тіпті физикалық зорлық-зомбылық көрді (5, 231 б.).

Бұл қиындықтарға қарамастан, ислам әйелдердің мәртебесін түбегейлі өзгертті. Ислам олардың жеке тұлға ретіндегі мәртебесін көтеріп, құқықтарын заңдастырды. Әйелдердің мұрагерлікке құқығы бекітіліп, олардың экономикалық дербестігіне жол ашылды. Бұрын әйелдердің некеге келісім беру құқығы болмаса, енді ол заңды талапқа айналды. Сонымен қатар көп әйел алу шектеліп, ер адамға әділетті сақтау қағидалары енгізілді.

Ислам әйелдердің білім алуын да ерекше қолдады. Пайғамбар (с.ғ.с.) ерлер мен әйелдердің білім алуы тең дәрежеде маңызды екенін атап өтіп, олардың рухани әрі интеллектуалдық дамуына мүмкіндік берді. Оның жұбайы Айша (р.а.) хадис ғылымының көрнекті ғалымдарының бірі болып, көптеген адамға білім берді. Әйелдер

мешітке барып, діни жиналыстарға қатысып, өз пікірлерін еркін білдіре алды. Сондай-ақ олар садақа беру, өз мүлкін басқару және саудамен айналысу құқығына ие болды.

Исламның келуімен әйелдердің құқықтық және әлеуметтік жағдайы айтарлықтай жақсарды. Олар білім алу, мұрагерлікке ие болу, некеде тең құқықтарға ие болу және қоғамдық өмірге араласу мүмкіндігін алды. Бұл реформалар әйелдердің қоғамдағы орнын нығайтып, олардың құқықтарының заңды түрде мойындалуына негіз қалады (6, 35 б.).

Христиандық: Христиан дінінде әйелдердің діни сенім құқығының көрінісі сан алуан болған. Ол тарихи кезеңдерге, әртүрлі діни ағымдарға және әлеуметтік нормаларға қарай өзгеріп отырған. Негізінде, христиандық ер мен әйелдің Құдай алдында тең екенін және құтқарылуға бірдей мүмкіндікке ие екенін үйретеді. Алайда бұл қағиданың іс жүзінде көрініс табуы әрқашан бірдей болмаған.

Протестанттық шіркеулердің кейбірінде әйелдер пастор, діни қызметкер немесе басқа да діни лауазымдарды атқара алған. Олар уағыз айтып, тәлім беріп, шіркеудің өміріне белсенді қатысқан. Ал консервативті христиандық топтарда, әсіресе католик және православие шіркеулерінде әйелдерге діни қызметкер болуға тыйым салынған. Олардың шіркеудегі рөлі шектеулі болып, хорда ән айту, балаларға діни сабақтар беру немесе қайырымдылық шараларына қатысу сияқты көмекші міндеттермен шектелген. Бұл шектеулер Киелі кітаптың кейбір бөліктерін әйелдердің

еркектерге бағынуын талап етеді деп түсіндірумен байланысты болған.

Дегенмен әйелдердің рөлі туралы мәселе әлі де талқыға түсетін тақырып. Кейбіреулер әйелдерге тең құқықтар беруді жақтаса, басқалары дәстүрлі көзқарастарды ұстанған. Христиандықта әйелдердің діни сенім құқығы олардың Құдаймен қарым-қатынасын нығайтуға, рухани өсуге және қоғамға пайдалы болуға бағытталған тәжірибелер мен мүмкіндіктерді қамтыған (7, 5-9 б).

Қазіргі заманғы тенденциялар:

Тарихи кедергілерге қарамастан, қазіргі әлемде әйелдер құқығына қатысты діни дәстүрлерді өзгертуге қатысты маңызды үрдістер бар. Соңғы уақытта діни канондарды қайта қарау және діни нормаларды қазіргі қоғамның гендерлік стандарттарына бейімдеу жиі кездеседі. Әйелдердің діни құқықтарын қорғау қозғалысы теңдік пен әділдік үшін белсенді күреседі. Әйелдер діни ұйымдарда жетекші орынға жиі ие болады, ал теологиялық мәтіндердің жаңа интерпретациялары гендерлік қатынастарды неғұрлым теңгерімді түсінуге әкеледі. Мысалы:

Ислам: Қазіргі кезде мұсылман әйелдерінің діни және әлеуметтік рөлі біртіндеп кеңейіп келеді. Кейбір ислам елдерінде әйелдер діни білім алып, фикһ пен исламтану саласында жетекші ғалымдар ретінде танылуда. Олар университеттерде дәріс беріп, пәтуа шығаратын кеңестерге мүше болып, діни мәселелерді зерттеумен айналысады.

Кейбір елдерде әйелдер мешіттерде белсенді қызмет етіп, діни жиналыстарға қатысу мүмкіндігіне ие

болуда. Мысалы, Марокко мен Египетте әйелдер арнайы діни кеңесші (мурашидат) ретінде жұмыс істеп, қоғамдағы әйелдерге рухани және діни көмек көрсетеді. Түркия мен Индонезия сияқты елдерде әйелдер мешіттерде уағыз айту, діни дәрістер беру тәжірибесі кеңейіп келеді. Мәселен:

Египетте дүниеге келген Далия Могахед бала кезінде отбасымен бірге АҚШ-қа қоныс аударды. Өзінің мансабында мұсылман қоғамы мәселелерін зерттеуге ерекше көңіл бөлген ол Gallup ұйымының мұсылман зерттеулері бөлімін басқарды, бұл қызметте әлемдегі мұсылмандардың көзқарастары мен пікірлерін талдады. 2009 жылы АҚШ президенті Барак Обаманың діни мәселелер және көршілес қауымдастықтар бойынша кеңесшісі болып тағайындалып, АҚШ президенті әкімшілігінде хиджаб киген алғашқы мұсылман әйел атанды. Сонымен қатар профессор Джон Эспозитомен бірге «Кім ислам үшін сөйлейді? Миллиард мұсылманның шынайы ойлары» атты кітап жазып, әлемдегі мұсылмандардың пікірлері мен көзқарастарын талдады.

Далия Могахедтің жетістіктері – мұсылман әйелдерінің құқықтары мен мүмкіндіктері кеңеюінің айқын көрінісі. Оның зерттеулері мен қоғамдық қызметі арқылы ислам әлеміндегі әйелдердің жағдайын жақсартуға үлес қосты. Оның қызметі мұсылман әйелдерінің қоғамдағы рөлін арттыруға және олардың құқықтарын қорғауға бағытталған.

Бұл жетістіктер мұсылман әйелдерінің діни және әлеуметтік рөлінің кеңеюін, сондай-ақ олардың құқық-

тары мен еркіндігінің артуын көрсетеді.

Ислам әлемінде әйелдердің діни және әлеуметтік рөлі біртіндеп артып келеді, алайда бұл өзгерістер әр елдегі дәстүрлер мен шариғат заңдарын түсіндіру ерекшеліктеріне қарай әртүрлі қарқынмен жүзеге асуда (8, 252 б.).

Христиан: Қазіргі уақытта христиандықта әйелдердің рөлі айтарлықтай өзгеріске ұшырауда. Кейбір протестанттық және англикандық қауымдарда әйелдер пастор, епископ болып тағайындалып, уағыз айту, литургия жүргізу және діни қауымдастықтарды басқару құқығына ие болуда. АҚШ-та, Канадада және Солтүстік Еуропа елдерінде әйел епископтардың саны артып, олардың шіркеудегі рөлі күшейіп келеді. Мысалы, 2023 жылы маңызды оқиғалардың бірі ретінде, Папа Франциск Симона Брамбилланы Діни қауымдар жөніндегі Конгрегацияның хатшысының орынбасары лауазымына тағайындады. Бұл тағайындау Ватиканның жоғары деңгейдегі лауазымына әйелдің алғаш рет келуімен ерекшеленді. Симона Брамбилла бұған дейін миссионерлік қызметте және діни қауымдастықтарды басқаруда мол тәжірибе жинақтаған. Оның бұл қызметке келуі шіркеудегі әйелдердің рөлін арттыруға бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланды. Бұдан бөлек, әйел теологтар мен ғалымдар христиандықтағы әйелдердің мәртебесін көтеруге бағытталған зерттеулер жүргізіп, гендерлік теңдік мәселесін көтеруде. Кейбір шіркеулер әйелдердің діни қызметке араласуын шектесе де, әйелдердің христиан қауы-

мындағы әлеуметтік, білім беру және қайырымдылық салаларында белсенді болуы олардың қоғамдағы ықпалын арттыруда.

Бұл үрдістер христиандықтағы дәстүр мен жаңашылдықтың күресін көрсеткенімен, жалпы бағыт әйелдердің шіркеу мен қоғамдағы рөлін күшейтуге қарай өзгеріп келе жатыр.

Буддизмде: Қазіргі уақытта буддизмде әйелдердің діни және қоғамдық рөлі кеңейіп, олардың рухани саладағы мүмкіндіктері артып келеді. Бутан, Тайланд, Шри-Ланка және Батыс елдерінде әйелдер монах мәртебесіне ие болып, діни қызметке белсенді түрде араласуда. Мысалы, Шри-Ланкада 1990 жылдардың соңында монахиняларға толыққанды мәртебе қайтарылса, Тайландта 2010 жылдан бастап әйелдер діни жетекшілікке тартыла бастады.

Тибет буддизмінде де өзгерістер байқалады. Бұрын әйелдердің жоғары діни білім алу мүмкіндігі шектеулі болғанымен, 2016 жылы Далай Ламаның қолдауымен алғаш рет тибеттік монах әйелдерге «геше» атағы берілді. Бұл оқиға әйелдердің буддистік білім мен қызмет саласындағы рөлін айтарлықтай арттырды.

Сондай-ақ Батыс елдерінде, әсіресе АҚШ пен Еуропада, буддизмнің таралуы әйел ламалар мен мұғалімдер беделінің артуына ықпал етті. Олар медитация мен діни философияны үйретіп қана қоймай, буддистік қауымдастықтардың басқару ісіне де белсене араласуда.

Қазіргі заманғы буддизмде әйелдердің діни қызметке араласуы кеңейіп, олардың ықпалы артып келеді.

Алайда бұл үрдістің қарқыны әр елдің мәдениеті мен діни дәстүрлеріне байланысты өзгеріп отырады (9, 10-11 б.).

Қазақстандағы әйелдердің діни сенім бостандығы

Қазақстан зайырлы мемлекет болғанымен, ел тұрғындарының көп бөлігі ислам дінін ұстанады. Сондықтан Қазақстанда хиджаб мәселесі – қазіргі таңда арты шулы өзекті тақырыптардың бірі.

Қазақстанда орамал тағу мәселесіне қатысты нақты тыйым салатын заң болмағанымен, бұл мәселе мемлекеттік қызметтегі киім үлгісіне келгенде стандартқа сәйкес келмейді. Орамал тағатын әйелдердің мемлекеттік қызметке қабылданбауы көбіне Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның және құқық қорғау органдары мен білім саласындағы киім үлгісі туралы ережелер негізінде орын алады. Мемлекеттік қызмет туралы заң мемлекеттік қызметшілердің киім үлгісіне қатысты талаптарды анықтайды. Заңның 11-бабы (1-тармақ) бойынша, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік киімі стандарттарға сәйкес болуы керек.

Әйелдердің діни сенім бостандығы мәселесін көтерген және осы салада айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген танымал тұлғалардың бірі – Нұр-Сұлтан қаласының бұрынғы әкімі, қазіргі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. 2020 жылы Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдердің діни киімдеріне қатысты мемлекеттік қызметке қабылдау мәселесін көтеріп, бұл тақырыпты қоғамда кеңінен талқылауға шақырды. Оның бастамасы бойынша,

2021 жылы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңына өзгерістер енгізіліп, мемлекеттік қызметшілердің киім үлгісіне қатысты талаптар нақты белгіленді.

Бұл өзгерістердің нәтижесінде, мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде киім үлгісіне қатысты дискриминацияның алдын алу және әйелдердің діни сенім бостандығын қорғау бағытында маңызды қадам жасалды. Болашақта осы мәселені шешу үшін, әйелдердің діни киімдеріне қатысты қоғамдық пікірді қалыптастыру, білім беру және ақпараттандыру жұмыстарын күшейту, сондай-ақ заңнамалық деңгейде әйелдердің діни сенім бостандығын қорғау шараларын одан әрі жетілдіру қажет.

Жалпы, әйелдердің діни сенім бостандығы – әлемнің көптеген бөлігінде әлі күнге дейін шешімін таппаған маңызды мәселе. Бұл мәселені шешу үшін тек заңнамалық реформалар ғана емес, сондай-ақ қоғамның пікірін өзгерту, мәдениеттің дамуы және әйелдердің құқықтарын қорғау бағытындағы күш-жігер қажет. Әйелдердің өз дінін таңдауға, оны еркін ұстануға және бұл құқықтарын ешкімнен қорықпастан қорғауға толық құқығы бар екендігін ескеру қажет (10).

ҚОРЫТЫНДЫ

Әйелдердің діни сенім бостандығын қамтамасыз ету – қазіргі қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі. Бұл құқық адамның негізгі бостандықтарының қатарына жатады және халықаралық құқықта мойындалған. Діни сенім бостандығы әрбір әйелдің

өз наным-сенімін еркін ұстануға, діни рәсімдерге қатысуға, дінін өзгертуге немесе ешбір дінді ұстанбауға толық құқығы бар екенін білдіреді. Алайда бұл құқық көптеген елде және әртүрлі діни дәстүрлер аясында шектеулерге ұшырап келеді.

Діни сенім бостандығына қатысты шектеулер көбінесе патриархалды құрылымдардың, мәдени дәстүрлердің және тарихи қалыптасқан әлеуметтік нормалардың ықпалымен орын алады. Кейбір қоғамда әйелдердің діни бостандығының шектелуі олардың қоғамдық өмірге қатысуына, білім алуына, кәсіби дамуына және жеке өмірін таңдауда еркін болуына кедергі келтіреді. Діни нормалар мен дәстүрлер көбіне әйелдерді үй шаруасымен шектеп, олардың ер адамдарға бағынышты болуын талап етеді. Бұл олардың құқықтарының толық жүзеге асуына кедергі келтіріп, әлеуметтік теңсіздікті арттыра түседі.

Сонымен қатар діни сенім бостандығы – тек жеке құқық қана емес, ол қоғамдағы жалпы тұрақтылық пен толеранттылықтың кепілі. Егер әйелдер өз сенімдерін еркін ұстана алмаса немесе сенімі үшін қысым көрсе, бұл олардың психологиялық әл-ауқатына, әлеуметтік интеграциясына және жалпы өмір сапасына теріс әсер етеді. Мұндай шектеулер қоғамдағы теңсіздікті күшейтіп, әйелдердің құқықтарын қорғау мәселесінде біршама қиындық тудырады.

Дегенмен қазіргі заманғы әлемде әйелдердің діни сенім бостандығын қамтамасыз ету бағытында бірқатар оң өзгерістер байқалады. Көптеген елде діни құқықтарды қайта қарау,

әйелдердің діни ұйымдардағы рөлін арттыру және олардың қоғамдық өмірге қатысуын кеңейту бойынша реформалар жүргізілуде. Ислам, христиандық және буддизм сияқты әлемдік діндерде әйелдердің рөлі біртіндеп күшейіп, олар діни білім алуға, діни қызметтер атқаруға және өз нанымдарын еркін білдіруге көбірек мүмкіндік алууда.

Қазақстанда да әйелдердің діни сенім бостандығы өзекті мәселе болып қала береді. Мемлекет зайырлы сипатта болғанымен, халықтың көпшілігі діни ұстанымдарға берік. Осыған байланысты, әйелдердің діни киім кию еркіндігі, діни білім алу мүмкіндігі және діни ұйымдарға қатысу құқықтары төңірегінде түрлі пікірталастар туындап келеді.

Әйелдердің діни сенім бостандығы – олардың негізгі адам құқықтарының ажырамас бөлігі. Бұл құқықтың қорғалуы әйелдердің жеке таңдау еркіндігін, әлеуметтік теңдігін және адамдық қадір-қасиетін қамтамасыз етеді. Қоғамда діни төзімділікті арттыру, әйелдердің құқықтарын заңдық және мәдени деңгейде қорғау – өркениетті әрі әділетті қоғам қалыптастырудың маңызды шарты. Сондықтан әйелдердің діни сенім бостандығын қорғау бойынша әрі қарайғы зерттеулер, заңнамалық бастамалар мен қоғамдық диалогтар өзекті болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Gray Group International. Article on Freedom of Religion: Upholding Belief and Expression. A universal right. (October 1, 2024).
2. Джим Мердок. Защита права на свободу мысли, совести и религии в рамках Европейской конвенции о защите прав человека. Серия пособий Совета Европы. – Воронеж: ООО Фирма «Элист», 2014. – 163 с.
3. Кагазбекова С.Б., Затов К.А., Әділбаева Ш.А. Әлемдік діндер контекстеріндегі әйел статусы // Journal of Philosophy, Culture and Political Science. – Al-Farabi Kazakh National University, 2018. – №1 (63). – 149 б.
4. Исламдағы әйелдің жағдайы және құқықтары: Ақпараттық-анықтамалық материал / Құраст.: Ж. Тенлибаева, Б. Алмурзаева, Б. Жанаров. – Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2015. – 54 б.
5. Shehata A. Martyrdom in Early Islam: The Role of Martyrs' Mothers // International Journal of Social Science and Education Research Studies. – 2022. – Т. 2(7). – 228-234 р.
6. Хоршева Е.С., Буряров Д.В. Проблема прав женщин в исламских странах в XXI веке // Научное сообщество студентов XXI столетия. Общественные науки. – Новосибирск: Изд. АНС «СибАК», 2016. – № 2 (38). – 170 с.
7. Надеждин А. Женщина христианка. Образ и значение женщины в христианстве. – М.: Отчий дом, 2000. – 353 с.
8. Brooks, M.C., Ezzani, M.D. Great Muslim Leaders: Lessons for Education. – IAP, 2023. – 323 р.
9. Гендерология и феминология / Сост. к.п.н. В.И. Чумаков. – Волгоград: Изд-во ВолГМУ, 2010. – 54 с.
10. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңы (2015 ж.) (11-бап, 1-тармақ).

REFERENCES

1. Gray Group International. Article on Freedom of Religion: Upholding Belief and Expression. A universal right. (October 1, 2024).
2. Dzhim Merdok. Zashhita prava na svobodu mysli, sovesti i religii v ramkah Evropejskoj konvencii o zashhite prav cheloveka. Serija posobij Soveta Evropy. – Voronezh: ООО Фирма «Jelist», 2014. – 163 b.
3. Kagazbekova S.B., Zatov K.A., Әdilbaeva Sh.A. Әlemdik dinder konteksterindegi әjel statusy // Journal of Philosophy, Culture and Political Science. – Al-Farabi Kazakh National University, 2018. – №1 (63). – 149 b.
4. Islamdagy әjeldiң zhagdajy zhәне kukyktary: Ақпараттық-анықтамалық material / Kurast.: Zh. Tenlibaeva, B. Almurzaeva, B. Zhanakov. – Astana: Din мәseleleri zhөnindegі fыlymi-zertteu zhәне taldau ortalygy, 2015. – 54 b.
5. Shehata A. Martyrdom in Early Islam: The Role of Martyrs' Mothers // International Journal of Social Science and Education Research Studies. – 2022. – Т. 2(7). – 228-234 b.
6. Horsheva E.S., Bujarov D.V. Problema prav zhenshhein v islamskih stranah v XXI veke // Nauchnoe soobshhestvo studentov XXI stoletija. Obshhestvennye nauki. – Novosibirsk: Izd. ANS «SibAK», 2016. – № 2 (38). – 170 b.

7. Nadezhdin A. Zhenshina hristianka. Obraz i znachenie zhenshhiny v hristianstve. – M.: Otchij dom, 2000. – 353 s.
8. Brooks, M.C., Ezzani, M.D. Great Muslim Leaders: Lessons for Education. – IAP, 2023. – 323 b.
9. Genderologija i feminologija / Sost. k.p.n. V.I. Chumakov. – Volgograd: Izd-vo Vol-GMU, 2010. – 54 b.
10. Kazakistan Respublikasynyn «Memlekettik kyzmet turaly» zany (2015 zh.) (11-bap, 1-tarmak).